

Мақта өндөу ұйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 4-5/603 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 22 қыркүйекте № 12093 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 44 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.02.2021 № 44 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Мақта өндөу ұйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өндөу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Үлттүк экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 21 тамыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 2 шілдедегі
№ 4-5/603 бұйрығымен бекітілген

Мақта өндеу үйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Макта өндеу үйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мақта өндеу үйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

- 1) кепілдік берілген мақта көлемі – қайтару жөніндегі жауапкершілікке қор кепілдік беретін, қор әрбір қатысушы бойынша белгілейтін мақта көлемі;
- 2) қатысу шарты – қор мен мақта өндеу үйымының арасында жасалатын шарт, оның негізінде соңғысы мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысады;

3) қатысушы – қормен қатысу шарты жасалған және қолданылатын, мақта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі жөніндегі қызметтер көрсетуге лицензиясы бар мақта өндеу үйымы;

4) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры – өз қызметін мақта өндеу үйымдарының өздері берген мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындаудын мақта қолхаттарын ұсташылардың құқықтары мен занды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыратын занды тұлға (бұдан әрі – қор немесе қорлар);

5) мақта өндеу үйымының паспорттық қуаттылығы – шитті мақтаны өндеудің тәуліктік және жылдық көлемін сипаттайтын техникалық құжаттар.

2. Мақта өндеу үйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу тәртібі

3. Мақта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі жөніндегі қызметтер көрсетуге лицензиясы бар мақта өндеу үйымы қорға (қорларға) қатысу үшін еркін нысанда қорға (қорларға) өтініш береді және мынадай құжаттарды қоса береді:

- 1) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалық салулар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама;
- 2) мақта өндеу ұйымы жарғысының көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексеру үшін көрсетіледі);
- 3) құрылтайшылардың құрамы туралы құрылтай шартынан үзінді-көшірме немесе қорға өтініш беретін күнге дейін кемінде он күн бұрын тіркеуші берген бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шотынан үзінді-көшірме;
- 4) мақта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі жөніндегі қызметтер көрсетуге лицензияның көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексеру үшін көрсетіледі);
- 5) мақта өндеу ұйымының біліктілік талаптарына сәйкестігі және шитті мақтаның жаңа өнімін қабылдауға әзірлігі мәніне жүргізілетін жыл сайынғы тексеріс туралы жергілікті атқарушы орган актісінің көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексеру үшін көрсетіледі);
- 6) өткен жылға және соңғы есепті күнге бухгалтерлік теңгерімнің және қаржы-шаруашылық қызмет туралы есептің мақта өндеу ұйымының мөрімен куәландырылған көшірмелері;
- 7) мақта өндеу ұйымының өткен есепті жылғы жылдық қаржылық есептілігінің шынайылығын растайтын аудиторлық қорытындының көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексеру үшін көрсетіледі);
- 8) мақта өндеу ұйымы өтініш берген күннің алдындағы үш айдан астам мерзімге банктің алдында мерзімі өткен берешегінің жоқ екендігі туралы банктің мөрі басылған, бірінші басшының немесе қол қою құқығы бар адамның және бас бухгалтердің қолы қойылған банктің анықтамасы. Егер мақта өндеу ұйымы бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе филиалдың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болған жағдайда, бұл анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады;
- 9) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 622 бүйрігімен бекітілген дербес шоттарды жүргізу ережелерінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5446 болып тіркелген) 20-тармағына сәйкес салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерінің жоқ екені туралы мәліметтер (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда), немесе конкурс жарияланған күннен кеш емес бір теңгеден кем емес салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерінің бар екені туралы анықтамасының көшірмесі;

10) қатысу шартының көшірмесі және кепілдік берілген мақтаның көлемі туралы мәліметтер (егер мақта өндеу үйымы мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беретін басқа қорлардың қатысушысы болса);

11) қорға кепілдік берілген мақта көлемін анықтау үшін қажетті өзге құжаттар.

4. Қор (қорлар) өтінішті және осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін, мақта өндеу үйымының өтінішін осы қорға қатысушылардың құрамына енгізу және кепілдік берілген мақтаның көлемін анықтау мәніне қарайды.

Мақта өндеу үйымының өтінішін қордың қарау мерзімі жиырма күнтізбелік күннен аспауы керек.

5. Мақта өндеу үйымының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысуы қордың мақта өндеу үйымын қорға қатысушылардың қатарына қосу туралы шешімдеріне сәйкес жасалған қатысу шарттарының негізінде жүзеге асырылады.

Қордың қатысушымен қатысу шартын жасасу мерзімі қордың мақта өндеу үйымын қорға қатысушылардың қатарына қосу туралы шешімі қабылданғаннан кейін күнтізбелік жеті күннен аспайды.

6. Мақта өндеу үйымын қорға қатысушылардың қатарына қосқан кезде, қор мақта өндеу үйымының паспорттық қуаттылығын, нақты толтырылған көлемін, басқа қор (қорлар) кепілдік берген мақтаның көлемі туралы мәліметтерді ескере отырып (мақта өндеу үйымы басқа да қорларға қатысқан жағдайда) анықталатын кепілдік берілген мақтаның көлемін белгілейді.

7. Мақта өндеу үйымының қорға қатысуы қор беретін қатысушы куәлігімен расталады.

Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу туралы куәлікті ауыстыру қатысушының атауы өзгерген жағдайда қатысушыдан лицензияның қайта тіркелуін және қайта ресімделуін растайтын құжаттарды алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Мақта өндеу үйымын қорға қатысушылардың құрамынан шыгарған жағдайда, мақта өндеу үйымы қор берген куәлікті үш жұмыс күні ішінде оған қайтарады.

8. Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу үшін қатысушы қорға (қорларға) қатысу шартында айқындалатын жыл сайынғы міндетті жарналарды төлейді.

9. Қор өзінің қатысушыларының тізілімін жүргізеді және кепілдік берілген мақтаның көлемін көрсете отырып, қатысушылар туралы ақпараттың республикалық мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жыл сайынғы жариялануын қамтамасыз етеді.

10. Қатысушының қорға (қорларға) қатысуы төменде санамаланған жағдайлардың біреуі болғанда тоқтатылады:

- 1) кормен жасалған қатысу шарты бұзылғанда;
- 2) соттың шешімі бойынша;
- 3) қатысу шарты тараптарының бірі жойылғанда.

Мақта өндөу ұйымының қорға қатысуы тоқтатылған күннен бастап отыз күннің ішінде қор тиісті ақпараттың республикалық мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануын қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК